

## **"Маңғыстау облысының үздік жыл мұрағатшысы" облыстық конкурсын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі Ережесін бекіту туралы**

Маңғыстау облысы әкімиятының 2004 жылғы 26 наурыздағы N 75 қаулысы. Маңғыстау облыстық Әділет Департаментінде 2004 жылғы 6 мамырда N 1688 тіркелді

Қазақстан Республикасының " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", " Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" Заңдарына сәйкес, сондай-ақ облыстық мұрағат ісін әрі қарай дамытуға және қолдау мақсатында облыс әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Маңғыстау облысының үздік жыл мұрағатшысы" облыстық конкурсын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі Ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің аппарат басшысы Р.Т.Мұстапаевқа жүктелсін.

*Облыс әкімі*

Маңғыстау облысы әкімиятының  
2004 жылғы 26 наурыздағы N 75  
қаулысына қосымша

### **"Маңғыстау облысының үздік жыл мұрағатшысы" облыстық конкурсын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ЕРЕЖЕ**

#### **1. Жалпы ережелер**

1. "Маңғыстау облысының үздік жыл мұрағатшысы" облыстық конкурсын (әрі қарай - Конкурс) ұйымдастыру және өткізу жөніндегі Ережесі Маңғыстау облысының мұрағат ісін қолдау және дамыту Аймақтық бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында **ж а с а л ғ а н .**

2. Осы ереже Конкурсты дайындау, жариялау және өткізу тәртібін анықтайды.

3. Конкурстың мақсаты облыстық мемлекеттік мұрағатының үздік мұрағатшыларын , ведомстволық және жеке мұрағаттарының үздік қызметкерлерін, сонымен қатар облыстық мұрағат ісінің дамуына ықпал етіп отырған ұйымдарды ынталандыру және **а н ы қ т а у б о л ы п т а б ы л а д ы .**

4. Конкурс өлшемдері ұпайы есептеліп бекітілген номинация бойынша өткізіледі.

5. Номинация тізбесі және өлшемдер тізбесі, сонымен қатар әр номинация бойынша өтініш - сауалнамасы, облыс әкімінің Конкурс өткізуді жариялау туралы шешімімен

б е к і т і л е д і .

6. Конкурстың жұмысшы органының функциясы облыстық мұрағаттар мен құжаттама бөліміне жүктеледі.

## **2. Конкурсты өткізуге дайындық тәртібі**

7. Конкурсты өткізудің жалпы дайындығын ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады (әрі қарай - Ұйымдастыру комитеті).

8. Ұйымдастыру комитетінің құрамы облыс әкімінің Конкурс өткізуді жариялау туралы шешімімен бекітіледі.

## **3. Конкурсқа қатысу тәртібі**

9. Конкурсқа қатысуға мемлекеттік мұрағат мамандары, ұйымдардың ведомстволық және жеке мұрағат қызметкерлері (әрі қарай - конкурсанттар), сондай-ақ облыстың мұрағат ісінің дамуына үлес қосып отырған ұйымдар жіберіледі.

10. Конкурсқа қатысу үшін белгіленген номинация бойынша конкурсанттар өз қызметі туралы ақпараттан тұратын өтінім - сауалнамасын толтыру қажет, және конкурстық комиссияға өтініш - сауалнамасында көрсетілген барлық ақпараттың дұрыс екендігін растайтын қосымша құжаттар беруге тиісті.

## **4. Конкурсты өткізу тәртібі**

11. Облыстық Конкурс екі кезеңде өткізіледі.

12. Конкурстың бірінші кезеңін тиісті әкімдер құрған қалалық, аудандық комиссиясы өткізеді.

13. Қосымша ақпараты мен өтінім - сауалнамасын тапсыру мерзімі "Маңғыстау облысының үздік жыл мұрағатшысы" облыстық конкурс Комиссиясымен анықталады (әрі қарай - Облыстық комиссия).

14. Қалалық, аудандық комиссия Облыстық комиссия анықтаған мерзім ішінде тапсырылған материалдарды қарап, баяндалған ақпараттардың анықтығын тексеріп, әр номинация бойынша Конкурстың бірінші кезеңінің жеңімпаздарын анықтайды.

15. Конкурстың бірінші кезеңінің жеңімпаздары Облыстық комиссия анықтаған мерзімнен кешіктірмей, қалалық, аудандық комиссия арқылы жеңімпаздар бойынша материалдарды Облыстық комиссияға екінші кезеңге ұсынылады.

16. Конкурстың екінші кезеңі Облыстық комиссиясымен өткізіледі.

17. Облыстық комиссиясы қажет болған жағдайда, бірінші кезеңінің жеңімпаздарынан қосымша ақпараттар қабылдайды.

18. Облыстық комиссияның қорытындысымен "Маңғыстау облысының үздік жыл мұрағатшысы" Конкурсының әр номинация бойынша жеңімпаздарды анықталады.

## **5. Конкурстық комиссиялардың жұмыс тәртібі**

19. Конкурсты өткізу бойынша жалпы ұйымдастыру және үйлестіру мәселелерін Облыстық комиссия жүзеге асырады. Облыстық комиссияның құрамы облыс әкімінің Конкурс өткізуді жариялау туралы шешімімен бекітіледі.

20. Қала және аудан әкімдері мұрағат мекемелері мен қоғамдық ұйымдардың

қызметкерлерінің қатысуымен, төрағалар басқаратын Конкурсты өткізу жөніндегі қалалық, аудандық комиссиялар құрып, Конкурстың бірінші кезеңін өткізу туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарлайды.

21. Облыстық және қалалық (аудандық) комиссиялардың сандық құрамы тақ болуы тиіс.

22. Кез келген деңгейдегі комиссияның мәжілісі, оның 2/3 құрамының мүшелері қатысқан жағдайда, құқықты болып саналады. Комиссияның шешімі ашық жай көпшілік дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, оған төраға дауыс берген шешім қабылданған деп саналады.

23. Конкурстың бірінші және екінші кезеңдерінің қорытындысы, тиісті комиссияларымен хаттама арқылы ресімделеді.

#### **6. Қорытынды ереже**

24. Конкурс қатысушылары қала және аудан әкімияттарында не болмаса облыстық мұрағаттар мен құжаттама бөлімінде және оның ведомствосына қарасты мекемелерде өтінім - сауалнама бланкілерімен қамтамасыз етіледі.

25. Облыстық конкурс жеңімпаздары Ақтау қаласындағы салтанатты рәсімге Облыстық комиссия арқылы шақырылып, арнайы жүлделермен марапатталады.

26. Барлық деңгейдегі комиссиялар мерзімінде ұсынылмаған, толық емес, не болмаса түсініксіз толтырылған өтінім - сауалнамаларына және қосымша материалдарға жауапкершілік артпайды.